«8D01704 – Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Искендир Аккуралай Абдиуалиевнаның «Эпистолярлық дискурс: коммуникативтік және лингводидактикалық әлеует» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертацияның өзектілігі бірнеше факторға негізделген:

1) Н.Т. Саурынбаев, Д.А. Монгуш, А.С. Аманжолов, И.Г. Добродомов, Э.Р. Тенишев және т.б. секілді ғалымдардың отбасылық мұрағаттық қорларына жүгіну арқылы оларды бірнеше тіл меңгерген және ұлттық мәдениет, ұлттық мектептің лингвистикалық және педагогикалық танымын дамытуға елеулі үлес қосқан элитарлық тіл мәдениетінің тасымалдаушылары ретінде сипаттауға мүмкіндік береді; 2) түрлі кезеңдерге жататын және өз ой-пікірлерін хат бетіне түсірген көрнекті тұлғалардың шығармашылығын қамтитын мәтіндерді кешенді зерттеу, бұл мәтіндер осы уақытқа дейін әлі зерттелмеген әрі лингвистика мен лингводидактика үшін аса өзекті; 3) қазақстандық филолог ғалымдардың мұрағаттық материалдарын ғылыми айналымға алғаш рет енгізу және оларды коммуникативтік және лингводидактикалық әлеует тұрғысынан талдау; 4) кәсіби ортадағы тұлғааралық қатысым мәселелеріне, сондай-ақ, білім беру практикасында эпистолярлық мәтіндерді пайдаланудың педагогикалық аспектілеріне қызығушылықтардың артуы да бұл зерттеудің өзектілігін арттыра түседі. Лингвист ғалымдардың хаттарын зерттеу олардың ғылыми жетістіктерін жақсырақ түсінумен қатар, талданатын мәтіндердің лингводидактикалық әлеуетін анықтай отырып, ғылыми хабарламаларда пайдаланылатын тілдің ерекшеліктерін айқындауға да мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – XX ғ. ортасынан XXI ғ. басында қазақстандық филолог ғалымдар коммуникативтік стратегия мақсатында пайдаланылған эпистолярлық мұрасының негізінде кешенді (лингводеректанулық және лингводидактикалық) талдау жүргізу.

Зерттеудің міндеттері:

1) зерттеудің метатілін сипаттау, ұғымдарын шекараларын белгілеу;

2) мемлекеттік және филолог ғалымдардың отбасылық мұрағаттарын негізге ала отырып, эпистолярлық дерекқорлардың корпусын құру; дерекқорлардың мазмұнындағы тілдік бірліктерге классификация жүргізу;

3) коммуникативтік ниетті білдіру және қойылған коммуникативтік міндетке қол жеткізу үшін пайдаланылатын тілдік бірліктерді анықтауға акцент қоя отырып, филолог ғалымдардың хаттарындағы коммуникативтік актілердің функциялары мен ерекшеліктерін зерттеу;

4) әлеуметтік-мәдени және тілдік жағдаят контексінде эпистолярлық мәтіннің коммуникативтік әлеуетін анықтау;

5) эпистолярлық дискурстың лингводидактикалық әлеуетін сипаттау және оларды мектеп оқушылары мен студенттердің ғылыми-білім беру коммуникациясында пайдалану бойынша практикалық ұсынымдарды әзірлеу.

Зерттеу нысаны – филолог ғалымдардың, оның ішінде орыс тілі, орыс және қазақ тілін оқыту әдістемесі, түркітану саласындағы мамандардың эпистолярлық мұрасы.

Зерттеу пәні – ғалымдардың эпистолярлық мұрасына тән коммуникативтік заңдылықтарды танытуға және олардың кәсіби кадрларды даярлаудағы маңызына бағытталған түрлі деңгейдегі тілдік құралдар.

Зерттеудің дереккөздері – XX ғ. соңы XXI ғ. басында Н.Т. Сауранбаев (1910–1958 жж.), кеңестік және ресейлік лингвист Д.А. Монгуш (1928–2017 жж.), қазақстандық лингвист-түркітанушы А.С. Аманжолов (1934–2012 жж.), кеңестік және ресейлік түркітанушы И.Г. Добродомов (1935–2022 жж.), Э.Р. Тенишев (1921–2004 жж.) секілді ғалымдардың хаттары сақталған Алматы, Астана және Ташкент қалаларындағы мемлекеттік және отбасылық мұрағаттар, сондай-ақ, ғалымдардың өмірлері мен шығармашылықтарына арналған сайттар, Ресей Мемлекеттік кітапханасы (Мәскеу қ.), ҚР Ұлттық кітапханасының (Алматы қ.) кітапханалық қорлары, әл-Фараби ат. ҚазҰУ жанындағы Түркітану және алтайтану ҒЗИ мұрағаты, ЖОО-лардың және т.б. сайттары. Жұмыста эпистолярлық мұра құжаттары хронологиялық тәртіпте орналастырылған.

Зерттеудің материалдары – 2073 сақтау бірлігін қамтитын құжаттардың жалпы корпусы. Оның ішінде, 915 бірлікті құрайтын эпистолярлық мұра, 1158 сақтау бірлігін (күнделіктер, фотосуреттер, жазбалар, ресми корреспонденция және т.б.) құрайтын мұрағаттық материалдар корпусы. Әрбір ғалым бойынша сандық көрсеткіштер ұсынылды. Осылайша, Н.Т. Сауранбаевтың құжаттары мұрағатының жалпы корпусы 470 сақтау бірлігін құрайды, оның ішінде, 321-355 аралығында нөмірленген Істер тізімдемесінде 38 жазба мәтін, 12 жеделхат. Бұл ретте қорды түзуші жиырма хатта адресант болса, қалған он бес хатта адресат ретінде анықталды. Дереккөз ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Түркітану және алтайтану ҒЗИ мұрағатында сақталған И.Г. Добродомовтың жеке қорлары (28 хат, 8 құттықтау ашықхаты); профессор А.С. Аманжоловтың (650 сақтау бірлігі, оның ішінде, 329 хат, 165 құттықтау ашықхаты, 6 жеделхат, 13 пошта карточкасы және т.б.), Д.А. Монгуштың (21 сақтау бірлігі – 7 эпистолярлық мәтін, 1 жеделхат, 13 құттықтау ашықхаты) эпистолярлық мұралары.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі – эпистолярлық жанр, корпустық лингвистика және прагматика саласындағы Н.И. Гайнуллина, Ж.К. Түймебаев, Л.В. Екшембеева, Н.Ж. Шаймерденова, С.С. Тлеубаева және т.б. секілді отандық ғалымдар мен дискурс мәселесін зерттеген З. Харрис, У. Лабов, Дж. Граймс, Н. Лангакер және т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ғылыми тұжырымдары.

Ауызша және жазбаша коммуникациядағы эпистолярлық дискурс (жүгінім, семантика және т.б.) И.А. Паперно және Н.И. Формановская секілді ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады, ізденуші дискурстың тарихи және мәдени аспектілерін зерттеу барысында Н.В. Силаева, Н.Ю. Бусоргина, Н.И. Белунова, Н.А. Каленова, Н.А. Ковалева, А.В. Курьянович, О.П. Фесенко секілді ғалымдардың еңбектерін негізге алды.

Эпистолярлық дискурс және хат авторларының тұлғаларына байланысты теориялар мен тұжырымдарға талдау жүргізу тілдік тұлға мен екінші тілдік тұлға теориясына негізделді: В.В. Виноградов, Г.И. Богин, Ю.Н. Караулов, И.И. Халеева және т.б. еңбектері.

Қазақстандық ғалымдарың эпистолярлық мұрасын зерттеу әдістемесі диссертацияның мақсатына және қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын тәсілдемелер мен әдістерді анықтауға мүмкіндік беретін негізді құрайды. Ол хаттардың мазмұнын талдау, олардың тарихи-мәдени түпнұсқалылығын анықтау, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық-семантикалық әдістерді, сондай-ақ, филология, тарих және мәдениеттану элементтері бар интерпәнаралық контекстті қолдануды қамтиды.

Зерттеудің әдістері, тәсілдері, тәсілдемелері филолог ғалымдардың эпистолярлық мұраларын дискурстық, лингводеректанулық, лингводидактикалық талдау арқылы кешенді талдауды қамтиды. Жұмыста жаппай іріктеу әдісі қолданылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы тарихи-мәдени құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар, оларды білім беру құндылықтары тұрғысынан зерттеу нысаны ретінде қарастырылатын лингвист ғалымдардың эпистолярлық мәтіндерін талдаудағы кешенді тәсілдемеге негізделген.

Сонымен қатар, зерттеу жаңалығы – филолог ғалымдардың үлгілік мәтіндерін салыстыру және оқу практикасында қабылданған хаттармен жұмыс негізінде эпистолярлық жанрдағы мәтіндерді қолдану арқылы орыс тілін оқытудың әдістемесі алғаш рет эксперименттік түрде тексерілді және негізделді. Сондай-ақ, коммуникативтік құзыреттілікті, сыни және зерттеушілік ойлауды қалыптастыруға бағытталған хаттармен жұмыс әдістемесі әзірленді және эксперименттік түрде сынақтан өткізілді.

Зерттеудің теориялық маңызы көрнекті тұлғалардың ғылыми өмірбаяндарының барлық параметрлері мен қырларын және қашықтықтан тілдесімнің нақты жағдаяттарын ескере отырып, Қазақстанның билингвалды контексіндегі эпистолярлық мұраны зерттеу әдістемесін әзірлеу арқылы анықталады.

Эпистолярлық дискурсты **зерттеудің практикалық маңызы** заманауи қазақстандық білім беру практикасында қолдануға негізделген. Эпистолярлық мәтіндер тілдер мен мәдениетті оқыту үшін білім беру мақсатында, сондай-ақ, жазбаша тілдесім дағдысын дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

Эпистолярлық дискурстың ерекшеліктерін түсіну тұлғаралық және іскерлік хат алмасудағы дағдыларды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл кәсіби және жеке коммуникация барысында маңызға ие. Жалпы эпистолярлық

дискурсты зерттеу тілді оқыту үшін, әсіресе, жазбаша тілдесімді оқыту және билингвалды ортада мәтіндерді талдау контексінде әдістемелерді әзірлеу үшін пайдалы болады.

Сондай-ақ, зерттеудің практикалық маңызы теориялық әзірлемелерді және табылған дереккөздерді оқу үдерістеріне және орыс/қазақ тілдері мен әдебиеттеріне; тілдесім актілері теориялары, тілдік тұлға теориялары және т.б. бойынша түрлі бағыттарға байланысты оқу пәндеріне енгізу мүмкіндігіне негізделген. Сонымен қатар, материал әрі қарайғы зерттеулер мен әдістемелік әзірлемелерге арналған әдістемелік дереккөз ретінде жоғары практикалық құндылыққа ие.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Зерттеудің айрықша және инновациялық нысанына – танымал филологтардың эпистолярлық мұрасына жүгіну, бір жағынан, лингвистикалық парадигманың айтарлықтай өзгеруін айқындайды; екінші жағынан, бұл дәстүрлі тілден өзгеше өзіндік зерттеу мета тілін қалыптастыру қажеттілігіне әкеледі. Бұл ретте кейбір терминдерді түсіндіру және семантикалық арақатынасының ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындады.

2. Алматы, Ташкент, Астана және Мәскеу мұрағаттарынан табылған эпистолярлық дереккөздер корпусы Н.Т. Сауранбаев, Д.А. Монгуш, А.С. Аманжолов, И.Г. Добродомов, Э.Р. Тенишев секілді филолог ғалымдардың ғылыми қызметі туралы ақпараттарды ашады. Зерттелмеген отбасылық мұрағаттар өзіндік мәдени және лингвистикалық құндылыққа ие, ал жазба хаттар тілдік құралдардың типологиясын анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-мәдени контекст және прагмалингвистикалық ерекшеліктермен тығыз байланысты ғылыми жазбаша коммуникацияны растайды.

3. Эпистолярлық мұра XX ғасырдың екінші жартысындағы нақты әлеуметтік және мәдени жағдайларда туындаған лингвистикалық идеялар мен теориялардың дамуына ықпал ететін, сондай-ақ, адресанттар мен адресаттардың өмірі мен ішкі әлемі туралы нақты түсінік беретін ғылыми ынтымақтастық пен эмоционалды жауаптардың мүмкіндігін білдіретін кең тарихи-мәдени контекстті қамтиды. Отбасылық мұрағаттар айрықша мәдени және лингвистикалық құндылықты құрайды, ал қолжазба хаттар ғылыми жазбаша коммуникацияның ерекшеліктерін айқындайды, олар хат авторлары қолданатын тілдік құралдардың узуальды және окказиондық ерекшеліктерін, прагмалингвистикалық қасиеттерді көрсетеді.

4. Эпистолярлық мұрада көрініс тапқан коммуникативті актілер авторлардың жеке тілдесім стилін білдіріп, тілдік тәжірибедегі өзгерістердің иллюстрациясы ретінде қарастырылады. Олар адресаттан эксплицитті және жасырын міндеттерді шешу үшін қолданылатын коммуникативті ниеттер мен күтімдерді білдіруге тән белгілерді анықтайды. Эпистолярлық дереккөздерде авторлардың қос тілділігі мен көптілділігінің және жүзеге асырылатын ерекше тілдік байланыс мүмкіндіктерінің дәлелі ретінде лингвистер назар аударуға тұрарлық түрлі тілдер арасындағы ауысымдар (кодтық ауысым) бар.

Эпистолярлық мәтіндер ғалымдардың жоғары коммуникативті әлеуеті мен терең рефлексиясын, олардың әлеуметтік-мәдени және тілдік жағдайларға қатысты көзқарастарын, сондай-ақ, адресаттар мен адресаттардың үздіксіз ғылыми ізденістері мен ұстанымдарын көрсетеді.

5. Ғалымдардың эпистолярлық мұрасы жоғары лингводидактикалық әлеуетке ие, өз кезегінде бұл ғылыми-білім беру коммуникациясында маңызды рөл атқарады. Бұл мәтіндердің оқушылар мен студенттердің тілдік дағдыларын дамытатыны эксперимент арқылы расталды. Цифрландыру жағдайында эпистолярлық мұраны сақтап, оны тіл мәдениеті мен тиімді коммуникацияның ерекшеліктерін зерттеу кезінде қолдану қажет. Қазақстандықтардың жас буынын оқытуды ғалымдар мен жазушылардың эпистолярлық мұраларының үлгілік мәтіндерінің мысалында жүзеге асыру керек. Бұл лингводидактикалық әлеуеттің жоғары дәрежесін көрсетеді, хаттар арқылы ғалымдардың дүниежүзілік ғылыммен байланысы орнатылады, сонымен қатар, ғалымдардың ойлары мен идеяларының дамуы байқалады.

Әзірленген ұсынымдар жазбаша тілдесім дағдыларын сапалық тұрғыдан жақсартуға мүмкіндік беретін оқу материалдарында қолданылуы қажет тиімді дереккөз болып табылады.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Диссертация нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық ғылыми басылымдарда **апробацияланды**, оның ішінде, SCOPUS Q1 (80 процентиль) дәйексөз базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған жетекші рецензияланатын журналдар мен басылымдарда 3 мақала, халықаралық конференциялардың материалдарында 2 мақала, сондай-ақ, Philological Sciences Journal Korkyt Ata ғылыми журналында 2 мақала және Өзбекстандағы ЖАК журналында 1 мақала.